

Абызова Айна Маратовна – PhD, оқытушы-дәріскер, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000 Талдықорған қ., I.Жансүгіров көш. 187а, тел.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

Алтай Айдын Алтайұлы* – магистр педагогических наук, PhD докторант, Жетісуский университет имени И.Жансүгурова, Республика Казахстан, 040000 г.Талдықорған, ул.К.Сатпаева 20 а, тел.: +7-708-225-56-10, e-mail: altai.aidyn@bk.ru.

Абызова Айна Маратовна – PhD, преподаватель-лектор, Жетісуский университет имени И.Жансүгурова, Республика Казахстан, 040000 г. Талдықорған, ул. И. Жансүгурова 187 а, тел.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

Altay Aidyn Altayuly* – Master of Pedagogical Sciences, PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 20a K.Satpayev Str., tel.: +7-708-225-56-10, e-mail: altai.aidyn@bk.ru.

Abyzova Aina Maratovna – PhD, Lecturer, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000 Taldykorgan, 187a Zhansugurov Str., tel.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

XFTAP 14.23.01

ӨОЖ 37.026:378

<https://doi.org/10.52269/RWEP252211>

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ

Анарбек Л.А. – Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Искакова А.Б.* – PhD, Computer Science факультетінің қауымдастырылған профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Кыякбаева У.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Педагогика және психология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мектеп түлектерінің педагог мамандығын таңдау мотивтерін зерттеу және олардың таңдаған мамандығы туралы нақты түсініктерін қалыптастыру жаңа заманның жоғары білікті мамандарын даярлаудың қажетті шарттары болып табылады. Мақалада болашақ педагогтың акмеологиялық ұстанымының негізгі көрсеткіштері оның кәсіби құзыреттілігінің компоненті ретінде қарастырылады. Зерттеу мақсаты: мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау. Зерттеудің міндеттері: 1) жоғары білім беруде акмеологиялық тұғырды қолдану мәселесін зерттеу және талдау; 2) мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін болашақ педагогтардың мамандық таңдаудағы негізгі мотивтері ретінде таңдап алынған әлеуметтік мотивтер, танымдық мотивтер, беделділік мотивтер және шығармашылық мотивтерге талдау жасалынды. 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер арасында Е.М. Павлютенковтың «білім алушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылығын анықтау әдістемесіне» сәйкес сауаланама жүргізілді. Зерттеу барасында алынған сауаланама нәтижелеріне Спирмен бойынша корреляциялық талдау жүргізілді. Сонымен қатар мақалада мамандықты таңдау мотивтерін қалыптастыру динамикасына әсер ететін факторлар келтіріледі.

Түйінді сөздер: акмеология, аксиология, дидактикалық шарттар, акмеологиялық құзыреттілік, әлеуметтік мотивтер, танымдық мотивтер, беделділік мотивтер, шығармашылық мотивтер.

ФАКТОРЫ РАЗВИТИЯ АКМЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Анарбек Л.А. – старший преподаватель кафедры «Иностранные языки», Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, г. Алматы, Республика Казахстан.

Искакова А.Б.* – PhD, ассоциированный профессор факультета Computer Science, руководитель образовательных программ, Торайғыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.

Кыякбаева У.К. – кандидат педагогических наук., профессор, Институт педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Исследование мотивов выбора педагогической профессии, формирование реалистического представления о будущей профессии являются необходимыми условиями подготовки высококвалифицированных специалистов нового времени. В данной статье рассматриваются основные показатели акмеологической позиции будущего педагога как компонента его профессиональной компетентности. Цель исследования: выявить факторы развития акмеологической компетентности будущих педагогов сферы дошкольного образования. Задачи исследования: 1) изучить и проанализировать проблему применения акмеологического подхода в системе высшего образования; 2) выявить основные факторы, способствующие развитию акмеологической компетентности будущих педагогов дошкольного образования. Для достижения поставленной цели выполнен анализ следующих основных мотивов: социальные мотивы, познавательные мотивы, престижные мотивы и творческие мотивы. Проведен опрос среди студентов образовательной программы 6B01201 – «Дошкольное обучение и воспитание» в соответствии с «Методикой выявления интереса обучающихся к выбору профессии» Е. М. Павлютенкова. В ходе исследования был проведен корреляционный анализ полученных результатов опроса по Спирмену. Также в статье приводятся факторы, влияющие на динамику формирования мотивов выбора профессии.

Ключевые слова: акмеология, аксиология, дидактические условия, акмеологическая компетентность, социальные мотивы, познавательные мотивы, престижные мотивы, творческие мотивы.

FACTORS OF THE DEVELOPMENT OF ACMEOLOGICAL COMPETENCE OF FUTURE PRESCHOOL TEACHERS

Anarbek L.A. – Senior Lecturer of the Department of foreign languages, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Iskakova A.B.* – PhD, Associate Professor of the Department of computer science, Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Kiyakbayeva U.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Pedagogy and Psychology, Almaty, Republic of Kazakhstan.

The study of the motives for choosing a teaching profession, the formation of a realistic idea of the future profession are necessary conditions for the training highly qualified specialists of the new age. This article examines the main indicators of the acmeological stance of a future teacher as a component of their professional competence. The research purpose is to identify the factors of the development of acmeological competence of future preschool teachers. Research objectives: 1) to study and analyze the issue of applying the acmeological approach in the higher education system; 2) to identify the main factors contributing to the development of acmeological competence of future preschool teachers. To achieve these objectives, the following main motives were analyzed: social, cognitive, prestigious and creative motives. A survey was conducted among students of the 6B01201 – “Preschool Education and Upbringing” educational program in accordance with the “methodology for identifying students’ interest in choosing a profession” by Pavlyutenkov E.M. The study analyzed the survey results using a Spearman correlation coefficient. The article also provides factors influencing the dynamics of the formation of motives for choosing a profession.

Key words: acmeology, axiology, didactic conditions, acmeological competence, social motives, cognitive motives, prestige motives, creative motives.

Қысқашы. Акмеологиялық тұғыр мектепке дейінгі білімі беру жүйесінде педагогтардың кәсіби ынтықтамасын қамтамасыз етуге бағытталады. М.Г. Сынықова, Э.Э. Сыманюк акмеологияға жаратылыстану мен гуманитарлық пәндердің түйісуінде пайда болатын және жетілу сатысындағы адамның даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейтін ғылым ретінде анықтама береді [1, 23 б.]. Осы бағытта Н.В. Горбунованың еңбегінде акмеология құзіреттілік тұлғаның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру процестерімен байланысты болатын, өзін-өзі тануды, өзін-өзі ашу мен өзін-өзі жетілдіруді қамтитын қасиет ретінде қарастырылады [2, 124 б.]. Қазіргі таңда жеке тұлғаның алдында дайын шешімі жоқ күрделі мәселелер бой көтеруде. Тұлға өзін жоғары білікті кәсіби маман ретінде ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар анықталамағандықтан, қарама-қайшылықтар мен тәуекелдерден тұратын шарттарда дами отырып, ойлай алатын және әрекет ете алатын адам ретінде көрсете білу керек. Басқаша айтқанда, селқос қарайтын атқарушыға қарама-қайшы келетін тұлға қалыптасу керек. Аталған қоғамдық жағдай акмеологияның тұлғаның құндылықтары туралы, оның жетілуі мен қабілеттері туралы ғылым ретінде дамуына деген әлеуметтік тапсырысты көрсетеді. Педагогтың іс-әрекетіндегі кәсібилік пен құзіреттілікті акмеологиялық және аксиологиялық тұғырлардың синтезі ретінде қарастыру қажет.

Көптеген авторлардың [3, 85 б.; 4, 20 б.] еңбектеріне сүйенетін болсақ, акмеологиялық тұғыр кәсіби іс-әрекетте педагог шеберлігінің артуы мен оның кәсіби тұрғыда өсуін көздейді. А.А. Боброва мен А.А. Ниязованың [5, 1173 б.] ойынша, педагогикалық іс-әрекетке деген аксиологиялық тұғыр болашақ педагогтің тұлға ретінде қалыптасуы қарым-қатынас құндылығы, өзін-өзі тану құндылығы мен құндылыққа бағытталған мінез-құлық секілді құраушылардан тұрады. Демек, аксиологиялық тұғыр жеке педагогтың да, әлеуметтік-кәсіби топтың бойында құндылықты-мағыналы бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Анықталынған бағыттар кейіннен білім беру мен тәрбиенің қазіргі мәселелеріне модель ретінде көшіріледі [6, 311 б.]. Осыған байланысты аталған тұғырлар мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ педагогтарының құзыреттіліктерін дамытудың алғы шарттары ретінде өзекті болып табылады. Ойлаудың акмеологиялылығы адамның тіршілік іс-әрекетінде және өз мамандығында ішкі сақтық қорларын іздеуге бағытталуымен сипатталады [7, 391 б.]. Педагогтың ойлау акмеологиялығында оның зияткерлік әлеуеті көріне бастайды. Ойлауды жүзеге асыру деген өз бетімен ойлауға үйреніп қоймай, сонымен қатар білім алушылардың ойлау іс-әрекетін ұйымдастыруды білдіреді. Жалпы алғанда, акмеологиялық ойлау стилі адамды тұлғалық және кәсіби даму шыңдарына жетелеуге мүмкіндік береді. Демек, оқытушының құзыреттілік белгілері ретінде алған білімдерін арнайы және кәсіби мәселелерді шешуде қолдануы, сонымен қатар жеке тәжірибесінен жаңа білімдерді алуы ретінде көрінетін субъектінің ерекше ұтқыр даярлығын айтуға болады [8, 63 б.]. Сол себепті қазіргі таңда болашақ мұғалімдердің акмеологиялық дайындығы өзекті мәселелердің бірі болып табылады [4, 160 б.; 9, 54 б.; 10, 215 б., 11].

Мақсат, міндеттері. Зерттеу мақсаты: мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау.

Зерттеу міндеттері: 1) жоғары білім беруде акмеологиялық тұғырды қолдану мәселесін зерттеу және талдау; 2) мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау.

Материалдар мен әдістер. Жоғары білім беруде акмеологиялық тұғырды қолдану мәселесін айқындау мақсатында зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулерді талдау мен жалпылау негізінде ғылыми мәселелерді айқындау әдіснамасы алынды. Қарастырылып отырған зерттеуде жоғары білім беруде акмеологиялық тұғырды қолдану мәселесіне қатысты Б.А. Тұрғынбаеваның [9], Н.Н. Шевченконың [10] идеялары негізге алынды.

Мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау үшін Е.М. Павлютенковтың «білім алушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылығын анықтау әдістемесі» қолданылды. Сондай-ақ, зерттеу барасында алынған сауалнама нәтижелерін математикалық өңдеу үшін Спирменнің корреляция коэффициенті алынды.

Зерттеу мақсатына сәйкес жүргізілген педагогикалық эксперимент 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттерінің қатысуымен жүргізілді. Педагогикалық эксперимент үш кезең (анықтау, қалыптастыру, бақылау) бойынша орындалды. Ұсынылған әдістемеге сәйкес әзірленген сауалнамаға барлығы 112 студент қатысты. Педагогикалық эксперимент екі оқу жылын қамтыды.

Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау мақсатында студенттердің акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылық компонентінің сипаттамасын зерттеу үшін білім алушыларға арналып жасалған Е.М. Павлютенковтың әдістемесі қолданылды. Е.М. Павлютенковтың әдістемесіне 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттері үшін арнайы түзетулер енгізілді. Сауалнама респонденттерге <https://forms.gle/if5dVtMynrtC8ZS98> сілтемесі бойынша таратылды. «Ұсынылған сауалнамадағы сұрақ-жауаптардың қайсысы Сіз таңдаған мамандыққа қатысты екендігін бағалаңыз» сауалнамасына қатысқан респонденттерге мамандық туралы 15 пікірден тұратын сұрақ-жауап ұсынылады. Әр пікірге бес түрлі жауап берілді: Иә; «Иә деп айтуға болады»; «Жауап беруге қиналамын»; «Жоқ деп айтуға болады»; «Жоқ».

Зерттеу мақсатына сәйкес Е.М.Павлютенковтың әдістемесімен ұсынылған мотивтердің қатарынан төрт параметр негізге алынды, яғни әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Қарастырылып отырған зерттеу мақсатына сәйкес әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық параметрлер бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

1 кесте – Студенттердің әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық мотивтерін анықтау кезеңіндегі зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері

№	Әлеуметтік мотивтер		Беделділік мотивтер		Танымдық мотивтер		Шығармашылық мотивтер	
	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей	көрсеткіш	деңгей
1	6	О	5	О	7	О	6	О
2	5	О	5	Т	5	О	5	О
3	5	О	3	Т	6	О	4	Т
4	5	Т	5	О	6	О	5	О

1-кестенің жалғасы

5	7	О	5	О	7	О	4	Т
6	4	Т	5	О	5	О	5	О
7	6	О	5	О	7	О	5	О
8	4	Т	4	Т	4	Т	3	Т
9	3	Т	5	О	3	Т	4	Т
10	5	О	4	Т	5	О	4	Т
112	5	О	5	Т	5	О	5	О
	568:112		516:112		628:112=		505:112=	
	=5,07~5		=4,6~5		5,6~5		=4,5~5	


Ескерту:
8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей);
5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей).

1-кестеде көрсетілген деректерде екінші курс студенттерінің әлеуметтік және беделдік мотивтерінің орташа көрсеткіші 5-ке тең екенін байқауға болады. Нәтижеге сәйкес бұл көрсеткіш орташа деңгейді көрсеткенімен, болашақта акме дайындығына бағытталған, кәсіби маман боламын деген студенттер үшін қанағаттанарлық көрсеткіш емес. Болашақ акме-мамандар көрсеткіші кемінде 8 ұпай екендігі белгілі [12, 184 б.]. Сауалнама нәтижесінде осындай көрсеткішке ие болған студенттер болмады. Сонымен қатар, екінші курста танымдық мотивтерінің орташа көрсеткіші 5-ке, ал шығармашылық мотивтері 4,4 көрсеткішіне тең болды.

Үшінші курс студенттері арасында танымдық және шығармашылық мотивтердің коэффициенті 5-ке тең, яғни орташа деңгейді көрсетті.

Жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес келесідей қорытынды жасауға болады: студенттердің әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық мотивтерінің дамуы орташа немесе орташадан төмен болғанын байқаймыз. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер мектепке дейін білім беру ұйымдарының болашақ педагог мамандарының мотивациясын қалыптастыру бағытында арнайы ұйымдастыру жұмыстарына деген қажеттіліктің бар екендігін көрсетеді.

Е.М.Павлютенковтың мамандық таңдаудағы қызығушылықты анықтау әдістемесіне сәйкес студенттерге ұсынылған мамандық туралы 15 пікірден тұратын сауалнаманың нәтижелері 1-4 суреттерінде келтірілген.




1 сурет – Студенттердің әлеуметтік мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері

1-суретке сәйкес 2 курс студенттерінің әлеуметтік мотивін анықтауға байланысты ұсынылған сауалнама сұрақтарына 27 студент «иә» деп жауап берді. Болашақта өз еңбегімен қоғамдық прогреске ықпал етуге ұмтылатын, әлеуметтік негізде жоғары азаматтық құндылық пен қажеттіліктерді түсінуге бет бұрған 9 респондент «Таңдаған мамандығым еліміздің білім беру жүйесінің дамуына үлес қосуға, қоғамымызға пайда әкелуге мүмкіндік береді» нұсқасына сенімсіздік білдіріп, «иә деп айтуға болады» деп жауап берген. 51 респондент жауап беруде қиналатындығын көрсетті, ал 19 респондент «жоқ деп айтуға болады» деп көрсетсе, 6 респондент «жоқ» жауабын таңдады.

Үшінші курс студенттерінің жауаптары 2 курста оқығанда берген жауаптарымен пайыздық мөлшері сәйкес келеді, алайда өзіндік пікірді айтуға сенімділігі жыл өткен сайын басым болатындығын


байқауға болады. 37 респондент «жауап беруге қиналған». Бұл көрсеткіш бір жыл бұрын берген респонденттердің санынан төмен. Демек, студенттердің әлеуметтік мотивтерінің артуына ықпал ететін факторлардың бар екендігін болжауға болады. Атап өтетін болсақ: 1) жоғары курста студенттер тікелей болашақ кәсіби іс-әрекетіне қатысты бейіндеуші пәндерді игере бастайды; 2) кәсіби тұрғыда өсу мүмкіндігі бар.



2 сурет – Студенттердің беделділік мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері

2-суретке сәйкес 54 респондент «иә» деп жауап берген, яғни олардың ойынша, «Таңдаған мамандығым достарым мен әріптестерім арасында мені беделді етеді және кәсіби өсуге әсері бар». Демек, студенттер мамандық таңдауда кәсіби мансапқа жету мақсатын көздеген. 20 респондент «жоқ деп айтуға болады», ал 10 респондент «жоқ» деп жауап берген. Демек, студенттер мамандықты таңдауда қоғамға пайдалы еңбек етуді көздеген, мансапқа қызықпайтындықтарын көрсеткен.


3-суретте студенттердің танымдық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері берілген.



3 сурет – Студенттердің танымдық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері

3-суретке сәйкес студенттердің танымдық мотивтерін анықтауда 26 екінші курс студенттері және 33 үшінші курс студенттері «иә» деп жауабын таңдады. Демек, жоғары курсқа келгенде студенттер «Мамандығым бойымдағы бар қасиеттерді пайдалануға, өзімді үнемі жетілдіруге жағдай туғызады» деген пікірге басымдық бергендігі байқалады. Осыған байланысты студенттер болашақта акмеге ұмтылатындығын көруге болады, бірақ бұл тек ұмтылыс болып қана қоймай, әрі қарай іс-әрекет ретінде жүзеге асуы керек. Алынған нәтижелерге қарап, болашақта студенттер акмеге толық жету үшін білім беру мен тәрбие процестерін жетілдіру жұмыстарын күшейте түсу қажет дегенді білдіреді.

4-суретте студенттердің шығармашылық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері келтірілген.



4 сурет – Студенттердің шығармашылық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың көрсеткіштері

4-суретте студенттердің шығармашылық мотивтерін зерттеу барысында екінші курстан 49 студент, ал үшінші курстан 39 студент «жауап беруге қиналған». Жауап беруге қиналған респонденттердің саны төмендеген, алайда болашақта шығармашылық жұмысты ұйымдастыруда осы студенттерге көңіл бөлу қажет. Екінші курста 8 студент және үшінші курста 14 студент «Таңдаған мамандығым шығармашылықпен айналысуға үлкен мүмкіндіктер береді», «Таңдаған мамандығым өз еңбегімнің ерекше тұстарын сезінуге көмектеседі» жауаптарын берді. Ал «Таңдаған мамандығым болашақта шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік бермейді» пікірін таңдаған. Сол себепті үшінші курс студенттерінің шығармашылық мотивтерін жетілдіру жұмыстарын әлі де күшейту керек екендігін көріп отырмыз.

Респонденттердің берген жауаптарының нәтижелері Спирменнің корреляция коэффициентінің көмегімен статистикалық тұрғыда өңделді. «Оқу жетістіктері» параметрі мен «Әлеуметтік мотив» шкаласы ($r=0,37$, $p \leq 0,05$), «Оқу жетістіктері» параметрі мен «Шығармашылық мотиві» ($r=0,67$, $p \leq 0,05$), «Оқу жетістіктері» параметрі мен «Танымдық мотив» ($r=0,48$, $p \leq 0,05$) және «Оқу жетістіктері» параметрі мен «Беделділік мотиві» ($r=0,70$, $p \leq 0,05$) арасында оң корреляция байқалады. Анықталған көрсеткіштер жоғары курс студенттері таңдаған мамандығына саналы көзқараспен қарай бастағанын және мамандық таңдауда ішкі мотивтердің материалдық құндылықтармен байланысты болатын сыртқы мотивтерден басым екендігін көрсетеді.

Қорытынды. Студенттердің әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық мотивтерінің динамикасы кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке деген қызушылықтың, материалдық, әлеуметтік және танымдық мүмкіндіктерінің артуын көрсетеді. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес келесідей қорытынды жасауға болады:

- студенттердің оқу жетістіктері таңдаған мамандығына саналы түрде қарауына ықпал етеді;
- төменгі курстан жоғары курсқа көшкен студенттер таңдаған мамандығының қыр-сырын терең түсіне бастайды, өз-өзіне деген сенімділігі арта түседі;
- алынған нәтижелерге сәйкес студенттердің акмеге немесе жетістікке қарай ұмтылуын көздейтін танымдық және шығармашылық мотивтерін жетілдіруге қатысты ғылыми-әдістемелік жұмыстарды күшейту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Синякова М.Г. Педагогическая акмеология: учебник для вузов [Текст] / М.Г. Синякова, Э.Э. Сыманюк. – Москва: Издательство Юрайт, 2025. – 210 с.
- 2 Горбунова Н.В. Акмеологические детерминанты развития профессионализма педагога начальных классов [Текст] / Н.В. Горбунова // Мир науки, культуры, образования. – 2023. – № 5(102). – С. 123-125.
- 3 Саржанова Г.Б., Джолданова Д.К., Утебаева Е.А. Акмеологическая компетентность как фактор развития лидерских качеств будущего педагога [Текст] / Г.Б. Саржанова, Д.К. Джолданова, Е.А. Утебаева // Вестник Карагандинского университета. – 2021. – № 2(102). – С. 84-89.
- 4 Аяған Е.С., Өтеубаев И.С. Педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктері: акмеологиялық тәсіл [Мәтін] / Е.С. Аяған, И.С. Өтеубаев // Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – № 2(63). – 12-22 бб.
- 5 Боброва А.А., Ниязова А.А. Аксиологический подход в профессиональной подготовке будущего педагога инклюзивного образования [Текст] / А.А. Боброва, А.А. Ниязова // Педагогика. Вопросы теории и практики. – 2024. – № 11(9). – С. 1171-1177.

6 Паутова Л.Е., Жаринова Е.Н. Акмеомоделирование в деятельности преподавателя: модели продуктивности и профессионализма [Текст] / Л.Е. Паутова, Е.Н. Жаринова // Известия Саратовского университета. Новая серия.– 2020. – Т. 9. – № 4(36). – С. 306-316.

7 Кашапов М.М. Акмеологические и психологические основы структурно-функциональной концепции творческого профессионального мышления [Текст] / М.М. Кашапов // Материалы Всероссийской научной конференции «Ярославская психологическая школа: история, современность, перспективы». – ЯрГУ: Филигрань, 2020. – С. 389-393.

8 Кузьмина Н.В. Определение предмета фундаментальной акмеологии [Текст] / Н.В. Кузьмина // Вестник Самарского университета. – 2022. – № 4(28). – С. 60-64.

9 Тұрғынбаева Б.А. Акмеологиялық дайындық – педагог мәртебелілігінің негізі [Мәтін] / Б.А. Тұрғынбаева // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. – 2022. – № 4(67). – 47-56 бб.

10 Шевченко Н.Н., Колесов В.И., Смолонская А.Н. Акмеологический подход к профессиональной подготовке будущего учителя [Текст] / Н.Н. Шевченко, В.И. Колесов, А.Н. Смолонская // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2020. – № 6. – С. 206-216.

11 Yessenamanova K., Arinova B., Zhambylkyzy M., Rakhimbayeva R., Zhunussova D. Development of Acmeological Competence in Rising Social Teachers [Text] / K. Yessenamanova, B. Arinova, M. Zhambylkyzy, R. Rakhimbayeva, D. Zhunussova // Frontiers in education. – 2022. – Vol. 7. – pp. 1-10.

12 Рогов Е.И. Особенности трансформации образа профессиональной деятельности у учителей с разным педагогическим стажем [Текст] / Е.В. Рогов // Профессиональные представления: сборник научных трудов № 15. – Ростов-на-Дону: издательство Южного федерального университета, 2023. – С. 177-198.

REFERENCES:

1 Sinyakova M.G., Symanyuk E.E. Pedagogicheskaya akmeologiya [Pedagogical acmeology]. Moscow, Izdatel'stvo Yurajt, 2025, 210 p. (In Russian)

2 Gorbunova N.V. Akmeologicheskie determinanty' razvitiya professionalizma pedagoga nachal'ny'h klassov [Acmeological determinants of fostering professionalism in primary school teacher]. *Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya*, 2023, no. 5(102), pp. 123-125. (In Russian)

3 Sarzhanova G.B., Dzholdanova D.K., Utebaeva E.A. Akmeologicheskaya kompetentnost' kak faktor razvitiya liderских kachestv budushhego pedagoga [Acmeological competence as a factor in the development of leadership qualities in future educators]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta*, 2021, no. 2(102), pp. 84-89. (In Russian)

4 Ayagan E.S., Uteubayev I.S. Pedagogikalyk karym-katynas erekshelekteri: akmeologiyalyk tasil [Features of pedagogical communication: acmeological approach]. *Habarshy. Pedagogikalyk gylymdar seriyasy*, 2020, no. 2(63), pp. 12-22. (In Kazakh)

5 Bobrova A.A., Niyazova A.A. Aksiologicheskij podhod v professional'noj podgotovke budushhego pedagoga inkluzivnogo obrazovaniya [An axiological approach to the professional training of a future teacher of inclusive education]. *Pedagogika. Voprosy' teorii i praktiki*, 2024, no. 11(9), pp. 1171-1177. (In Russian)

6 Pautova L.E., Zharinova E.N. Akmemodelirovanie v deyatel'nosti prepodavatela: modeli produktivnosti i professionalizma [Acme-modeling in the teaching: models of productivity and professionalism]. *Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya*, 2020, vol. 9, no. 4(36), pp. 306-316. (In Russian)

7 Kashapov M.M. Akmeologicheskie i psihologicheskie osnovy' strukturno-funkcional'noj koncepcii tvorcheskogo professional'nogo my'shleniya [Acmeological and psychological foundations of the structural-functional concept of creative professional thinking]. *Materialy' Vserossijskoj nauchnoj konferencii «Yaroslavskaya psihologicheskaya shkola: istoriya, sovremennost', perspektivy'»*, YarGU, Filigran, 2020, pp. 389-393. (In Russian)

8 Kuzmina N.V. Opredelenie predmeta fundamental'noj akmeologii [Definition of the subject of fundamental acmeology]. *Vestnik Samarskogo universiteta*, 2022, no. 4(28), pp. 60-64. (In Russian)

9 Turgynbayeva B.A. Akmeologiyalyk dajyndyk – pedagog martebeliliginin negizi [Acmeological training is the basis of the professional status of the future teacher]. *H. Dosmyhamedov atyndagy Atyrau universitetinin Habarshysy*, 2022, no. 4(67), pp. 47-56. (In Kazakh)

10 Shevchenko N.N., Kolesov V.I., Smolonskaya A.N. Akmeologicheskij podhod k professional'noj podgotovke budushhego uchitelya [The acmeological approach to the professional training of a future teacher]. *Vestnik Cherepoveckogo Gosudarstvennogo Universiteta*, 2020, no. 6., pp. 206-216. (In Russian)

11 Yessenamanova K., Arinova B., Zhambylkyzy M., Rakhimbayeva R., Zhunussova D. Development of acmeological competence in rising social teachers. *Frontiers in Education*, 2022, vol. 7, pp. 1-10.

12 Rogov E.I. *Osobennosti transformacii obraza professional'noj detal'nosti u uchitelej s razny'm pedagogicheskim stazhem* [The features of transformation of the image of professional activity of teachers with different pedagogical experience]. *Professional'ny'e predstavleniya: sbornik nauchny'h trudov* № 15, Rostov-na-Donu, izdatel'stvo Yuzhnogo federal'nogo universiteta, 2023, pp. 177-198. (In Russian).

Авторлар туралы мәліметтер:

Анарбек Лаура Анарбекқызы – Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Сатпаев көш. 22А, тел.: +7-771-272-44-29; e-mail: l.anarbek@satbayev.university.

Искакова Анаргүл Батырбаевна* – PhD, Computer Science факультетінің қауымдастырылған профессоры, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140008 Павлодар қ., Ломов көш. 64, тел.: +7-705-612-72-13; e-mail: anar_is@mail.ru.

Қыяқбаева Ұлболсын Қозыбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Педагогика және психология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: +7-778-128-88-42; e-mail: kyakbaeva@mail.ru.

Анарбек Лаура Анарбекқызы – старший преподаватель кафедры «Иностранные языки», Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Сатпаева 22А, тел.: +7-771-272-44-29, e-mail: l.anarbek@satbayev.university.

Искакова Анаргүл Батырбаевна* – PhD, ассоциированный профессор факультета Computer Science, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140008 г. Павлодар, ул. Ломова, 64; тел.: +7-705-612-72-13, e-mail: anar_is@mail.ru.

Қыяқбаева Ұлболсын Қозыбаевна – кандидат педагогических наук., профессор, Институт педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010 г. Алматы, пр. Достык 13, тел.: +7-778-128-88-42, e-mail: kyakbaeva@mail.ru.

Anarbek Laura Anarbekkyzy – Senior Lecturer of the Department of foreign languages, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Republic of Kazakhstan, 050000 Almaty, 22A Satpayev Str., tel.: +7-771-272-44-29, e-mail: l.anarbek@satbayev.university.

Iskakova Anargul Batyrbayevna* – PhD, Associate Professor of the Department of computer science, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140008 Pavlodar, 64 Lomov Str., tel.: +7-705-612-72-13, e-mail: anar_is@mail.ru.

Kiyakbayeva Ulbolsyn Kozybayevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Pedagogy and Psychology, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk ave., tel.: +7-778-128-88-42, e-mail: kyakbaeva@mail.ru.

МРНТИ 20.01.07

УДК 372.862

<https://doi.org/10.52269/RWEP252218>

ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ МЕТОДЫ И AGILE-МЕТОДОЛОГИИ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ В СФЕРЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Базарбаева А.М.* – PhD докторант кафедры информатики, институт физики, математики и цифровых технологий, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан.

Салғараева Г.И. – кандидат технических наук, профессор, директор института физики, математики и цифровых технологий, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан.

В рамках данной исследовательской работы было проведено количественное онлайн-анкетирование среди 102 преподавателей высших учебных заведений Казахстана, работающих на кафедрах, где готовят специалистов в сфере информационных технологий. В онлайн-анкетировании приняли участие респонденты из 11 регионов Казахстана, включая такие крупные города, как Алматы, Астана и Западно-Казахстанская область, в то время как остальные регионы составили меньшинство в общем количестве участников опроса. Основной целью данного исследования было выявить степень применения практико-ориентированных методов преподавателями, а также выяснить их мнение о влиянии этих методов на различные аспекты образователь-